ZHETYSU UNIVERSITY 1972

# Jetisý ýnıversıteti

№3 (240)
29 naýryz
2024 jyl

JETISÝ OBLYSTYQ QOĞAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ

## Наурызнама

Биыл Қазақстанда қазақтың жаңа жылы – Наурыз мерекесі «Наурызнама» деген атпен жаңа форматта он күн қатарынан тойланды.

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде күн сайын «Көрісу күні - Амал мерекесі», «Қайырымдылық күні», «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні», «Шаңырақ күні», «Ұлттық киім күні», «Жаңару күні», «Ұлттық спорт күні», «Ынтымақ күні», «Жыл басы», «Тазару күні» атаулары бойынша түрлі іс-шара өтті.

Наурыз мейрамын тойлауды әр халық өз ұлттық ерекшеліктеріне қарай икемдеген. Қазақ халқының Наурыз мерекесін тойлауында басқа шығыс халықтарымен ортақ белгілері, өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтары да бар.

Наурызнама парсы елдерінің ортағасырлық мемлекеттерінде патша сарайларына лайық сән-салтанатпен өтсе, қазақтарда Наурызнама бірнеше күнге жалғасып, дәстүрлі қазақ қоғамына тән этномәдени мәнге ие ғұрыптық жоралғыларды орындаумен ерекшеленген.





## СТУДЕНТТЕР ЖАҢАРУ КҮНІН АТАП ӨТТІ

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенттері жаңару күніне орай «Бір тал кессең, он тал ек» акциясын ұйымдастырды.

Тарихтан белгілі ата-бабаларымыз Наурыз мерекесін бірнеше күн тойлаған. Оны «Наурызнама» деп атаған. Соның бірі Жаңару күні. Осыған орай Жетісу университетінің студенттері «Студенттер үйі» ауласына 100 тал көшет отырғызды. Игі шараға облыс әкімі Бейбіт Исабаев, облыстық мәслихат депутаттары, ардагер ұйымының мүшелері және қала тұрғындары қатысты.

«Көктем – табиғаттың жаңарып, тіршілік қайта жанданатын мезгіл. Наурыз жыл басы. Биыл Наурыз мерекесін жаңаша тойлап жатырмыз. Еліміздің түкпір-түкпірінде жалпыхалықтық ағаш отырғызу науқаны өтіп жатыр. Бұл өмірдің барлық саласында жаңарудың белгісі. Жаңа көшеттер сияқты біз де жаңа дәстүр мен идея, мақсаттарымыздың іргетасын қалаудамыз» – деді облыс басшысы.

Студент жастар Жаңару күнінің маңызын тереңірек түсініп, көшет отырғызу науқанында белсенділік танытты.

## *Табиғат, сенімен тілдесемін...*

*О, Табиғат, сенімен тілдесемін,*
*Күн-түніңмен сырласып бірге өсемін.*
*Тынбай соққан сарынды жүрегіммен*
*Аққудың сазын қосып үндесемін.*
*Сен болмасаң, күрделі ғұмырымның,*
*Ғажайып кереметін білмес едім.*
*О, Табиғат, сенімен сырласамын,*
*Мұңдас әнім, соқпақты қыр басамын.*
*Күн нұрымен көңілді аяласаң,*
*Бұлдырап алдымда тұрмас сағым.*
*Сезіміме селк етер серік болсаң,*
*Мәңгілікке шарықтап, тынбас әнім.*
*О, Табиғат, белгілі саған жайым,*
*Өзімді өзім түсінбей сан алдаймын.*
*Құнарлы топырағына себілмеген*
*Жалғыз түйір дәніңмін, саяңдамын.*
*Жер-ана, сені әркез қадір тұтып,*
*Аялап, құшағымды жаям дәйім.*

***Бірғаным САҒЫНДЫҚ,***
***Рял-112 топ студенті.***












Өзбекәлі һәм Наурыз
3 бет



ЖАС ҒАЛЫМҒА ЖОЛ АШЫҚ
4 бет



Құрқылтай
6 бет



СЕРДЦЕ УНИВЕРСИТЕТА - ОТДЕЛ ЦОО
8 стр.



# ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІ ЕСКЕ АЛУ КЕШІ

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Өз ұлың, өз ерлерін ескермесе, ел тегі, алсын қайдан кемеңгерді» атты Іляс Жансүгіровті еске алу кеші өтті.

Қаламгерді еске алу кешіне облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Гүлжан Тұрсын мен Шара Бүркеева келді.

Кешті «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұратбек Иманғазинов кіріспе сөзімен бастап, қаламгердің өмірі мен шығармашылығына тоқталып өтті.

Шара апайымыз «Тамшы бұлақ», «Шилі өзен қамыс-ай» әндерін нақышына келтіре шырқады.

Емберген Зарина Іляс Жансүгіровтің «Замандасқа» өлеңін, Нұржапар Жасмин «Бұлақ бойында» өлеңін, Сейітқұл Мирас «Арыным» атты өлеңін мәнерлеп оқыды.

Кеш соңында Іляс Жансүгіровтің «Құлагер» және «Өлеңдер» жинағы білімгерлерге тарту етілді.

Қазақ сөз өнерінің дүлдүлі Іляс Жансүгіров - мәңгілік ел есінде қала бермек!

**«Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығы.**

# АҚШ-ТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЛШІСІ КЕЛДІ



АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Дэниел Розенблюм мен бас консул Мишель Еркин І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенттерімен кездесті. Шетелдік дипломаттар білім ордасындағы шетел тілі: екі шетел тілі бағдарламасының студенттеріне АҚШ-тың Орталық Азиядағы сыртқы саясаты туралы қысқаша қонақ дәріс өткізді.

«АҚШ әлемнің түрлі елдеріндегі инновациялар мен білім беру саласын дамытуды белсенді қолдайды. Университеттер арасындағы ынтымақтастық екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың алғышарты. Сіздер тіл үйрену арқылы АҚШ мәдениетін зерттеп, білім көкжиегін кеңейте аласыздар. Біздің бұл сапарымыз екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, трансатлантикалық байланыстың маңыздылығын арттырады», - деді бас консул Дэниел Розенблюм. Студенттер өз кезегінде елшіден АҚШ-тың жетекші оқу орындарында білім алуға арналған бағдарламалар, әлеуметтік жобалар туралы сұрады.

Кездесу соңында елші студенттердің ағылшын тілінде сөйлеу мәдениетіне жоғары баға берді.

Айта кетейік, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті АҚШ еліндегі бірнеше жоғары оқу орнымен байланыс орнатқан. Мәселен, былтырғы оқу жылында 1 студент академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Иллинойс университетінде білім алса, 1 оқытушы Нью-Йорк фильм академиясынан (New York Film Academy) бір жылдық тағылымдамадан өтіп диплом алды. Биылғы оқу жылында білім ордасынан 3 оқытушысы АҚШ-та білімін жетілдірмек.

# СТУДЕНТТЕР КИНОЛОГТАРДЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Жетісу облысы полиция департаменті қызметкерлері Жетісу университетінің студенттерімен кездесті.

Кездесудің мақсаты - нашақорлық пен есірткінің жастар арасында таралуына жол бермеу және оның алдын алу.

Профилактикалық жиынға Жетісу облысы полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Сарқытбай Құсаинов, Жетісу облысының прокуроры Мадияр Басшыбаев, Жетісу облысы полиция департаментінің жанындағы Консультативтік-кеңесші органның төрағасы, ішкі істер органдарының ардагері Өмірбек Ізбасаров, облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев, облыстық психикалық денсаулық орталығының нарколог-дәрігері Мақсат Ерғабылов, «Қос қанат» қоғамдық бірлестігінің өкілі Елена Пискунова қатысты.



Полиция департаментінің бастығы Сарқытбай Құсаинов ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үшін жастарға айрықша көңіл бөлу маңыздылығын атап өтті.

«Нашақорлық – болашағымызға қауіп төндіріп тұрған індет. Өкінішке қарай, синтетиканың негізгі тұтынушылары – жастар. Бүгінгі таңда елімізде интернет-дүкендер кез келген адамға қолжетімді екені белгілі. Яғни, саудагермен бетпе-бет кездеспей, тауар онлайн таңдалып, төлем де онлайн жасалады. Тұтынушы мен саудагер түрлі мессенджерлер арқылы байланысып, тауарды қай жерден, қай уақытта алатыны жөнінде нұсқаулықтармен алмасады. Осылайша, барлық іс-әрекет виртуалды жасалады», - деді ол.

Кездесуде есірткі, психотроптық, сол тектес заттарды заңсыз өткізіп, дайындағаны, тасымалдағаны, сондай-ақ, сақтағаны үшін абақтыда жазасын өтеп жүрген өрімдей жастар туралы, жасөспірімдердің есірткі бизнесіне тартылуы, синтетикалық есірткіні қолданудың зиянды әсері мен салдары туралы бейнебаяндар көрсетілді.

Жетісу облысы полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілі Меруерт Искакова есірткіге қатысты қылмыс жасаған адамға қандай жаза қолданылатынын айтты.

Ішкі істер министрлігі кинологиялық орталығы арнайы даярлық бөлімінің бастығы Руслан Канафин мен кинологтар қызметтік иттердің есірткіні қалай іздейтінін қойылым түрінде көрсетті.




# «ZHETYSU-STARTUP» БАЙҚАУЫ ӨТТІ

Жетісу университетінде «ZHETYSU-STARTUP» стартап – жобалар байқауының финалы өтті. Байқауға IT, экология, физика-математика, әлеуметтік және басқа да бағыттар бойынша 40-тан астам жоба ұсынылды. Оған 35 жасқа дейінгі 100-ден астам студент қатысты.

Байқаудың мақсаты креативті ойлайтын жас мамандарды анықтау және облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде олардың қызметін қолдау әрі ілгерілету.

Қазылар алқасының шешімі бойынша байқаудың гран-при жүлдесін күшті иммунитет, мол өнім беретін «Kazaukana» қара тауығының жаңа тұқымын өсіруге бағытталған «Gallus» жобасы жеңіп алды.

Болашақта өндірілетін сұрып емдік қасиеті бар қара етке, сондай-ақ жылына 350-ге жуық жұмыртқа өндіретін мүмкіндікке ие. Жұмыртқа қабығы түрлі-түсті. Жоба авторлары-Асқар Рахым бастаған «Enactus Zhetysu» студенттер тобы, ғылыми жетекшісі-Ерік Бейсенбеков.

Бірінші орынды «Pro Research Lab» жобасының авторлары Милена Ледомская мен Әлихан Тәңірберген иеленді, ғылыми жетекшісі Асылжан Есімбекова. Финалистер мақала, жоба, зерттеу жазу процесін жеңілдететін, сондай-ақ, пайдаланушыларға барлық қажетті материалдарды тауып беретін жасанды интеллект технологиясы бар Қазақстанда баламасы жоқ мобильді қосымша ұсынды.

Екінші орынды вапаларды (электронды темекі) қайта өңдеуге бағытталған «EcoPODS Шунгит» және «Iwis мобильді қосымшасы» жобалары бөлісті.

Үшінші орын үш бірдей стартап-жобасына берілді. Олар: студенттік жол жүру билетінің, кіру картасының функцияларын біріктіретін, сондай-ақ оқушының дербес деректерін сақтайтын орын - «МЕН» жобасы. «Ақылды киіз үй» және «Scout» барлау-іздеу роботының жобасы.

Жеңімпаздар ақшалай сыйлықтардан бөлек университеттен жан-жақты қолдау алады. Академияның барлық Startup инфрақұрылымына, университеттің зертханаларына қол жеткізе отырып, сондай-ақ тәлімгерлердің көмегімен студенттер softskills-ті, ірі инвесторларды одан әрі іздеу үшін өз жұмыстарын жетілдіреді.

«Zhetysu – STARTUP» байқауы 2016 жылдан бері өткізіліп келеді. Оған осы уақыт аралығында 1000-нан астам жоба қатысты.

*Бетті дайындаған Әйгерім ИЕБЕКОВА.*

# ЖАМБЫЛ ӨЗ БИІГІНДЕ ҚАЛУЫ КЕРЕК!



Қоғамдық пікірге қозғау сала алатын тұлғаларымыз, әдебиеттегі ерекше екі кезеңнің бітімі бөлек ақындары жайлы қалам сілтеу маған оңайға түскен жоқ. Бұл екі ұлы тұлға – Жамбыл мен Мұхтар.

Қазіргі уақытта ақпарат көздерінде, әлеуметтік желілерде елімізге танымал адамдарға қатысты түрлі қауесет, дау-дамай туындап отыратыны баршамызға мәлім. Бұндай даулы ақпарлардың оң-солын әлі тани қоймаған жастарға, яғни бізге беретін тәрбиелік мәні қандай?

Өз ойы, жеке пікірі қалыптасып үлгермесе де, тобырға еріп, табиғатынан томаға-тұйық жүргенді қаламайтын жастарымыз аз емес.

Жастардың көбі өздерінің білім деңгейіне қарамай, жаңсақ пікірді пір тұтып, қажет емес ақпаратты сүзгіден өткізбей тура қабылдайды.

Қазақтың белгілі ақыны, қоғам қайраткері Мұхтар Шахановтың Нартай Аралбайға берген сұхбатындағы «Жамбыл Жабаев Сталиннің туфлиин махаббатпен жалаған» деген пікірі желіде қызу талқыға түсті.

Қайсы бірі Шахановтың айтқанына наразылық танытса, енді бірі ақынды шындық жаршысы деп сөзіне шүбәсіз сенді. «Мұхтар ағадан мұндай күтпедік» деген пікірдегілер де болды. Мені толғандыратыны Мұхтардай алып тұлғамыз, халықтың өз зиялыларына деген «Сенім» дейтін еш нәрсемен айырбастауға келмейтін асыл құндылығының әлсіреуіне түрткі болмады ма? Артынан ерген жастар үлгі тұтатын ел ағасының бұл әрекеті, өзіне сенген халықтың сеніміне селкеу түсірмесе игі. Әр нәрсенің сұрауы бар болатыны сияқты айтылған сөздің де жаңғырығы бар.

«XX ғасыр Гомері» деген бағаға ие Жамбыл Жабаев қазір арамызда жоқ. Өлгендер қайтып келмейді де, ешбір уәжіңе жауап бермейді де. Оған мүмкіндігі жоқ. Мұсылман баласы өмірден өткен адамдар туралы тек жақсы нәрсе айтуды жөн көрген. Бұл мұсылмандық, қазақи әдеп.

«Төл тарихынан алыстаған адам өз тамырынан ажырайды» сондықтан «Ұлт қайраткерлерін ұлықтау, өткенді ұмытпау» исі қазақ баласының ұраны болуы тиіс деп ойлаймын.

Қай кезде болмасын қырық күн талас бір күндік татулыққа жетпейді. «Ағаң келсе – ардақтап атын байлағандай, қонағың келсе – құрметтеп, көңілін жайлағандай тындырымды ісің болғанға не жетсін»,– деген Әйтеке биіміздің мағынаға толы сөзін жадымызда ұстайық.

Кім не айтса да, менің ойымша тарих тақтасына атын өшпестей жазып қалдырған Жамбыл - жыр алыбы болып қала бермек.

**Балнұр САТЫЛОВА,**
**ФҚ-111 топ студенті.**

# ӨЗБЕКӘЛІ һәм НАУРЫЗ

***Қазақ тарихының тарау-тарау кезеңіндегі ұлттық құндылықтың мұз үстіндегі буыршындай шатқаяқтаған, шала-жансар күйге түскен тұсы XX ғасырда деп көрсетуге толықтай негіз бар. Қабырғасы хан ордасының уығындай белді аттарын бусандырып жортуылда күн кешкен жаугершілік заманның алас-құлас, шайқасқа толы тұсында да қазақ өз жоралғыларын жасап, дәстүрін дәріптей білді. Орта Азияны Ақсақ Темір езгіге салған кезеңде де, жарты әлемді қайқы қылышпен қанға бөктірген Шығыс қаған заманында да түркітектес елдің дәстүрі тұрмақ, түндігінен шұбаған түтінге де тыйым болмаған. Ал кешегі ғасырдың сықпыты басқа, саясаты сұрқай еді.***

Біз айшықтап атаған XX ғасырда қазақ көп құндылықты жоғалтып ала жаздады. Соның ең елеулісі – Наурыз мейрамы.

Еркіндік пен теңдікті аңсаған рухшыл елдердің намысын жанып, ұлттық ұстынын ажарландырар, түбі мен тегін, танымы мен тарихын еске түсірер, ұлыстың ұжданын шыңдайтын әз Наурызды кешегі ғасыр саясаты шектеді. Нақтырақ айтсақ, 1917 жылы Ресейдегі төңкерістен кейін әлем тарихымен бірге қазақ мәдениеті құлдырай бастады. Ақ патшаны тақтан тайдырып, Кеңес өкіметін орнатқан большевиктер 1926 жылы КСРО құрамындағы Орта Азия елдеріне қатаң тыйым салды. Наурызды тойлау түгілі атаудың өзі қылмыспен пара-пар болды. Неге? Өйткені бұл күні көкірегіндегі бозторғайдай жаны бостандық аңсаған елдер рухани ымыраласып, бірігіп кететін.

Алып территорияны иемденген, 15 елдің басын қосқан империяның сол кездегі «бас ал десе шаш алатын» большевиктері құрамдас елдің азаматтарынан «кеңес адамын» жасауды ең ұлы жетістік санады. Осылайша түркітектес елдердің ішінде қарға тамырлы қазақ ұлысын ерекше жіктеп алып, тұтас ұлттық болмысын жалаңаштауға тырысты. Орыстандыру саясатының ең өтімді жолы дәстүр мен діни шектеу деп тапқан сұм саясаткерлер 62 жыл бойы Ұлыстың ұлы күнін тойлатпай келді.

Иә, жоғарыда тілге тиек еткен ғасырлар көкжиегінде бізге дәл осындай қысым көрсетілген бе? Ұлт-азаттық көтеріліс, қолдан жасалған аштық, Алаш арыстарын қорғасын оққа таңған репрессия, Екінші Дүниежүзілік соғыс, Тың игеру деп жалғасып кете беретін мың сан кедергілерден азып-тозып шыққан ұлт түбінде жандану, жасану кезеңін бастан өткерері хақ. Аз ұрпақтың өзі ата дәстүрінен ажырамаса тамшыдан теңіз құралатындай түбінде шалқарға айналмай ма?! Ал дәстүрінен мақұрым қалса ше? Африканың байырғы тайпаларындай өз тілінде ең соңғы сөйлейтін, баба жолын ұстанар ақырғы адам секілді жарық ғаламнан құндылығын өзімен алып жоғалары хақ. Бірақ қанды қырғынға ұшыраған еліміздің азаматы да, халқы да, құндылығы да бүгінге жалғасқанына мың сан шүкірлік.

Шүкірлік айтқанымызбен кешегі қиын кезеңде құндылық үшін күрескен ұлыларды да ұлықтауымыз керек. Әдебиеттің «алтын ғасыры» саналған XX ғасырдағы ақын-жазушылар мен мәдениет қайраткерлері ел үшін, ұлт құндылығы үшін тынбай күресті. Солардың алғы шебінде Өзбекәлі Жәнібектің тұрғанын сан рет естіп, оқып келдік.

Жыл басында С. Керімбай мен Ә. Нәбидің «Өзбекәлі және Мәдени майдан» кітабын алып, парақтап-тарақтап шықтық. Бұл туындымен таныспай тұрып та Наурыз жайлы айтыла қалса Өзбекәлінің есімін, Ұлыстың ұлы күнін тойлау үшін жасаған ерлігін жиі еститінбіз. Зиялы қауым, Өзағаның көзін көрген қаламгерлер сүйсініп жырлайтын, тебіреніп толғайтын. Десе де қолдағы құнығып оқыған құнды кітап ретінде «Өзбекәлі және Мәдени майдан» туындысынан бірқатар мысал келтіруді жөн санадық. Әуелі 1987 жылы Мәдениет министрі, артынан Республиканың идеология жөніндегі хатшысы болған тұлға жайлы айта келіп, кітап авторы: «Билік тізгіні қолға тиген күні-ақ Өзбекәлі оны ұлт мүддесіне тиімді пайдаланды. Соның бірі – Наурызды қайтару операциясы», – дейді. Оған қоса Қонаевтың орнына келіп қазақ қоғамынан қысым көріп, пұшайман күйге түскен Г.Колбиннің халық алдында абырой жинауға аса мұқтаж болғанын, Өзағаның ішкі саясатының, төменнен талап түсіргенінің арқасында Наурыз тұрғысындағы ұсынысты амалсыз қолдағанын айтады.

Рас, бұл ретте Торғайды түлеткен, бабалар кесенесін жаңғыртқан, қазақ қыздарына жасалған қысымды алып тастауға күш салған, ұрпаққа теңдік алып берген, қазақтың мың жылғы жәдігерін топтастырған, қазақ өнер саңлақтарының есімін КСРО көлемінде танытқан Өзағаның өр екпіні мен аңсарынан бөлек, қарапайым ел де Наурызды асыға күткенін жасырмауымыз керек. Ел аңсап, тұлға талаптанғанның арқасында құндылық құм астынан шығарылғандай болды. Аттай 62 жыл жалпыхалықтық сипатта тойланбай келген (кейбір елді мекен, өңірде шағын аталып өткені болмаса) әз Наурыздың қайта түлеуіне сол кездегі қазақ қаламгерлерінің де үлесі болды. Десе де күллі операцияның тетігі Өзбекәлінің қолында тұрғаны анық.

Осылайша жарты ғасырдан астам уақыт ел жадында жаңғырғаны болмаса, тойланбай келген Наурыз мейрамы 1988 жылы қазақ қоғамымен қайта қабысты. Алғаш рет рухани астанамыз саналған Алматыда тойланды. Біз жоғарыда атаған кітапта Өзбекәлінің жары Қалихан апамыз: «1988 жылы Наурыз өткізерде Өзағаң қатты қобалжыды. «Не болар екен, қалай өтер екен?» деп түнімен ұйықтамады. 22 наурыз күні таңертең көшеде мерекелік көңіл-күй пайда болды. Далада серуендеген жұрттың көбі ұлттық киім киіпті. Жастар алтыбақан теуіп жүр. Көше мен саябақта қазақша ән айтылып жатты. Біз қазіргі Достық көшесімен жоғары көтерілдік. Кенет үлкен концерттік бағдарламамен әртістер керуені көш тартты. Керуеннің басында әдемі шапан киген, ақ боз ат мінген жас жігіт келеді. Бұл жігіт Мұхтар Шаханов еді.

1988 жылы Наурыз өткізуге тәжіктер мен өзбектер де ынта білдірді. Әлі есімде, сол жылы таудағы үйде тұрғанбыз. Кешке жақын Өзбекәлі жұмыстан келісімен телефон қоңырауы шырылдай бастады. Бәрінің наурызға арналған той жайында білгісі келді...», – деп толғанған екен. Ал Өзбекәлінің тұңғышы Ниетжан Өзбекстанның мәдениет саласының шенеуніктері Өзағаңа телефон соғып ала алмай жатқанын, әкесінен «бұрынғы тыйымды қалай сындырғаны» турасында білгісі келетіндіктерін сұрағанын айтады.

Расымен де Өзбекәлі Жәнібек секілді ұлт намысын ойлаған сол кездегі ымырашыл тұлғалардың арқасында Наурыз мейрамы түркі халықтарының ішінде бірінші болып қазақ ұлысында тойланды. Бізден кейін 2 жыл өткенде өзбектер, тәжіктер, 1991 жылы түріктер, түркімен мен қырғыздар тойласа, 1992 жылдан бастап иран мен әзірбайжандар тойлай бастады. Осы ретте біз мақаланың тақырыбын не үшін «Өбекәлі һәм Наурыз» деп алғанымызды «Өзбекәлі және Мәдени майдан» кітабындағы мына бір естелікпен жауап берейік: «...Өзбекәлі 9 ақпанда Идеология хатшысы қызметіне отырды. Арада бір апта өтпей «Лениншіл жас» газетінің «Тікелей телефон» айдарында Мұхтар Шахановпен сұхбат болды. Онда Наурыз туралы мәселе көтерілді. Газетке көлемді мақала шығады. Өзбекәлі сол мақаламен ойда-жоқта танысқан болып, газеттің редакторы Уәлихан Қалижанды түсініктеме беру үшін өзіне шақыртады. Сосын наурыз айының басында Жазушылар одағында жиын болып, «Наурыз» мәселесі көтеріледі. Жиынға Өзбекәлінің өзі де қатысады. Зиялы қауымның ұсынысын жинаған болып, Г.Колбиннің алдына кіреді», – дейді. Міне, осындай тәсілмен Ұлыстың ұлы күнін қайтарған Өзбекәлілердің ерен еңбегін біз ұмытпауымыз керек. Осы ретте айта кетерлігі, Өзағаның бұл тәсілін тәжіктер де жүзеге асырып, «Маориф ва маданият» газетінің редакторы Буринис Бердиев наурыз жайлы мақала жазғаны, идеология хатшысына түсініктеме беріп, ақыры Тәжік Жазушылар одағында талқыланғаны, осылайша 1990 жылдан бастап ұлыстың ұлы мерекесін қайтарғаны кітапта көрсетілген.

Жалпы, Нұх пайғамбар заманынан бастау алатын Наурыз мейрамы қазақ үшін ғана емес, түркі халықтарына айрықша алқап айтар құндылық. Осынау мерекені заманында Тұрар Рысқұлов КСРО-ға мойындатса, екінші мәрте Өзбекәлі Жәнібек бастамасымен кең көлемде аталып өткенін ұмытпауымыз керек. Сонымен қатар Ұлыстың ұлы күні қияметке дейінгі құндылығымыз болып жалғаса беретінін де жадымызға тоқып, қанымызға сіңірсек игі еді.

**Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ.**

САЛТЫҢ-САНАҢ



# БАТА БЕРЕ БІЛЕМІЗ БЕ?

**Бата** беру және бата сұрау – байырғы қазақ халқынан бүгінгі күнімізге дейін еш үзіліссіз жалғасып келе жатқан адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі.

Дастарқан басында, түрлі жиын-тойларда, тағы да басқа адам өміріндегі маңызды сәттерінде, қуаныш иесіне арнап қол жайып, бата береді. Сондай-ақ, қиын сапар, ұзақ жолға аттанған азаматына да ақ жол тілейтін халқымыздың ежелден келе жатқан, кең таралған дәстүрі бар. Бата беретіндер, көпті көрген ақсақал мен аузы дуалы билер болған. Бата қысылғанда – қуат, қиналғанда – медет беріп, әрбір іс-әрекетіне даңғыл жол ашатын ырым. Бата көзі тірілерге ғана емес, аруақтарға да жасалған. “Батамен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді” деп халқымыз текке айтпаған. Батаның да қисыны, айтылатын, айтылмайтын жері болады, қуаныш пен тойдың ретіне қарай, соған лайық Бата тілегі болады.

Көпшілік жиналған жерде төрде отырған жасы үлкен кісіден бата сұрау үрдісі о бастан бар әдет.

**Наурыз мерекесі қарсаңында бата беруді білесіз бе және қазіргі заманда бата беру дәстүрі қаншалықты маңызды? – деген сауалнама жүргізген едік.**

**- Әлбатыр Ілесбек, «Журналистика және Ақпарат» БББ оқытушы-әдіскері:**
Әрине, бата білемін, бірақ, қазақта мынадай сөз бар - “әкесі бар адам ешқашан бата бермейді” бата емес, тілек айтады. Қазір иегінде сақалы барлар, мұрты тебіндеген жастар батаның не екенін білмейді.

**- Мұратбек Мұбырақханұлы, профессор:**

А, құдайым оңдасын,
Оң жаққа жол бастасын,
Баталарым қабыл боп,
Амандықта бас қосып,
Сән салтанат көп болсын,
Ас пеннен су мол болып,
Дастарханға жайылсын,
Қайда шықсаң жол болып,
Әрдайымда бақ болсын!
Әумин !

**Болатбек Ерасыл, 4-курс студенті:**
- Бата бұрыннан келе жатқан, тәлім-тәрбиелік мәні бар, ұрпаққа үлгі - өнеге беріп келе жатқан халықтық мұра.

Жарылқа, құдай, қабыл ет!
Жарылқаудың қамын ет!
Бай ет, мамыр ет,
Батамды мұстажап ет!
Құдайдан не тілесе, соны әзір ет!
Құдай тағала, мұның ақниетін.
Қабыл ет!
Әумин!

**Қуанышұлы Әділет, университет түлегі:**
- Әрине, бата беру ата - бабамыздан келе жатқан дәстүр және оны біз де ұстануымыз қажет. Бірақ қазіргі уақытта жастардың көбі бұл дәстүрді ұстанбайды деп ойлаймын. Біздің үйде бұл дәстүр әлі күнге дейін бар, сол себепті бата бере білемін.

**- Рахметұлы Береке, қала тұрғыны:**
- Сөз қасиеті мен қадірін жете түсінген қазақ бата беруге, бата алуға аса мән берген. Шынайы жүректен шыққан бата ғана қабыл болады дейді, мен де солай ойлаймын.

Сонымен, бата – жақсылық пен игі ықыластың, ақ тілектің көрінісі. Бата сұрау – өзі қалаған адамнан ықылас пен ризалық, жақсы тілек пен жарасымды алғыс сұрау деген сөз. Халқымызда «Баталы ер арымас, батасыз ер жарымас», «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген мақал бар. Бірақ, бата беретін кейбір қариямыз ұзақ-сонар қара сөзге көшіп, жиналған жұртты жалықтырып алып жатады. Көпшілік сізден қалап отырған батаның мәні мен сәнін, берекесін кетірместен нақты, түйіп-түйіп айтып, ұзын-сонар сөзге айналдырып жібермегеніміз абзал. Бата сұрады ма сол білетін батамызбен ғана шектеліп, өзгенің алтын уақытын алмағанымыз дұрыс. Тағы бір айта кетейін дегенім, кейбір қариялар батаны орнынан түрегеп беретін болып жүр. Бата дегеніміз тойдың сөзі емес, аталы сөз екенін есте ұстамаймыз. Сіз не дейсіз оқырман?

**Аян АЙДАРҚЫЗЫ.**

# ЖАС ҒАЛЫМҒА ЖОЛ АШЫҚ

Соңғы жылдары ғылым саласы мемлекет тарапынан қолдау тауып, жастар ғылымға бет бұра бастады. Қазір еліміздегі 22 мыңнан астам ғалымның 35 пайызы жастар. Алдағы уақытта ғылымдағы жас¬тардың үлесін 52 пайызға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Жетісу университетінде де ғылым жолын таңдап, білімі мен білігін ұштастырып жүрген жас университетін «Аударма ісі» бойынша бакалаврын, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың магистратурасын, Жетісу университетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша докторантурасын бітірген. Екі мәрте «Erasmus» халықаралық бағдарламасының стипендиаты, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» жас ғалымдар тобының мүшесі, Х Халықаралық ғылыми-зерттеу, «Zhetysu-startup 2022»



мамандар жетерлік. Мәселен, Педагогика және психология жоғары мектебінің оқытушылары - Шакирова Арайлы мен Райгүл Желдібаева биыл философия докторы (PhD) дәрежесін алды. Жас ғалымдар Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Абишев, Қалибек Ыбыраимжанов, психология ғылымдарының докторы, профессор Хапиза Наубаева сынды ғұмырын ғылымға бағыштаған білікті ұстаздардан тәлім алып, үлкендер салған сара жолды жалғап келеді.

инновациялық идеялар мен жобалар байқауларының, ғылыми жетекшісі. Бірнеше халықаралық сертификат иегері.

Арайлы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, «Педагогика және психология» бакалаврын, магистратурасын оқып, Жетісу университетінің, – «Педагогика және психология» бойынша докторантурасын бітірген.

Ғылым жолы – күрделі жол. Толассыз еңбек пен үздіксіз ізденісті, сарқылмайтын күш-жігер мен мықты миссияны қажет етеді. Ал мұндай күрделі жолды



Қазақ қоғамында «үлгі», «өнеге», «тәлім» деген сөздердің құндылығы өте жоғары. Неге десеңіз, келер ұрпақ, қазіргі жастар алдыңғы буын өкілдерінің ізін жалғап, өнегесін көріп, үлгі тұтып, тәлим алуда.

Педагогика және психология жоғары мектебі – талай түлек қияға қанат қаққан киелі шаңырақ. Осы киелі шаңырақтан тәлим алған талай жас ғылым мен білім саласында жүр.

Райгүл І.Жансүгіров атындағы Жетісу

таңдау нәзік жанды әйел қауымы үшін жауапкершілік жүгін екі еселейді. Еліміздегі жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында, зерттеу алаңдарында үздіксіз ізденіс танытып жүрген әйел ғалымдарымыз қаншама?

Мемлекет басшысы ғылым саласына жастарды тарту керектігін, оларды барынша ынталандыру қажеттігін айтып отыр. Талпынған жасқа қашанда жол ашық.

**Әйгерім ИЕБЕКОВА.**



# Наурыз мейрамы туралы қызықты мәліметтер

**НАУРЫЗ – КӨКТЕМ МЕН ЖАҢАРУ МЕРЕКЕСІ. БҰЛ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢ СҮЙІКТІ ЖӘНЕ АУҚЫМДЫ МЕРЕКЕЛЕРІНІҢ БІРІ. СОНЫМЕН, БІЗ НАУРЫЗДЫ НЕ СЕБЕПТЕН ЖАҚСЫ КӨРЕМІЗ? ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ДЕП АТАЛЫП КЕТКЕН БҰЛ МЕЙРАМНЫҢ ҚАНДАЙ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ БАР.**

1. Наурыз – әлемдегі ең көне мейрамдардың бірі. Орта Азия елдері оны 5000 жылдан аса уақыт атап өтіп келеді. Наурыз мейрамы заманауи діндер мен көптеген мемлекеттер пайда болғанға дейін шамамен 5 мың жыл бұрын пайда болды.

2. Бұл ежелгі мереке күнәдан тазару, киім-кешектерді тазарту, үйді тазарту, жамандықтан және өшпенділіктен тазару мерекесі ретінде атап өтіледі. Ол адамдарды басқалардың күнәлары мен жамандықтарын кешіруге шақырады. Сондай-ақ, бұл күні шығыс елдері екі арадағы кез-келген соғысты тоқтатқан. Ал қазақ ақсақалдары мерекеде араздасқан ру-тайпалармен татуласатын болған.

3. Наурыздың шығу тарихы белгісіз. Иран мифологиясына сәйкес, осы күні Тұран ханы Афрасиабтың қолынан қаза тапқан атақты Саяуыш батыр жер қойнына тапсырылған. Бұл аңыздың Авестада айтылғаны белгілі.

4. Наурыз – көктемгі күн мен түннің теңелетін күні. Бұл күні жер шары алаңдарын қоспағанда, бүкіл жер бетінде күн мен түн теңеседі. XI ғасырдың өзінде ұлы ғалым әрі ақын Омар Хайям жұлдыздар мен шоқжұлдыздардың толық циклды аяқтағаннан кейін, өзінің бастапқы жүру нүктесіне келіп, жаңа жолды – шеңберді қайта бастайтын байқады. Бұл бақылауының негізінде Хайям сол кезде билік еткен Джалал ад Дин Мәлік Шах ибн Әл-Арслан Селжүктің құрметіне «Мәлік күнтізбесі» деп аталатын жаңа күнтізбе құрастырды. Онда жаңа циклдың басталуы 22 наурызға – көктемгі күн мен түннің теңелетін күніне түседі. Бұл күнтізбе қазір пайдаланып жүрген күнтізбеге қарағанда, әлдеқайда дәлірек болды. Өйткені, 365 күн бар күнтізбеге қарағанда, жылына 324 күнді құрайтын Мәлік астрономиялық күнтізбесіндегі қателік 0.0002 күн және одан кем.

5. Наурыз – көпшілігі ойлап жүргендей, діни мереке емес. Сонымен қатар, көптеген ислам елдерінде бұл мерекені атап өтуге тыйым салынған. Сирияда және Иранда Наурыз мейрамы тойланбайды, ал Түркияда мерекені 1991 жылға дейін атап өтуге тыйым салынған болатын. Шамасы, наурыз мейрамын мұсылман мерекесі ретінде қабылдау халықтың этникалық тамырымен тығыз байланысты. Осы уақытқа дейін Орта Азияның негізгі байырғы халқы, яғни қазақтар, қарақалпақтар, өзбектер, қырғыздар, тәжіктер және түркімендер этникалық мұсылмандар ретінде саналады. Және соның нәтижесінде, бұл халықтардың барлық ұлттық мерекелері мұсылман мерекесі ретінде қабылданады.

6. Бұл мереке кезінде ислам діні тарапынан қудалауға ұшырап, Кеңес Одағы кезінде атап өтілуге тыйым салынғанына қарамастан, қазақ халқының ең маңызды мерекелерінің бірі болып қалды.

7. Қазақтың төл мерекесін өзіне қайта сыйлаған – әйгілі қазақ ақыны Мұхтар Шаханов. Қазақстанда 1926 жылдан бастап Наурызды тойлауға тыйым салынған болатын. Тек 1988 жылы Мұхтар Шаханов коммунистік партияның Орталық Комитетінің бірінші хатшысына хат жазып, осы мерекені қайта жандандыруды сұраған еді. Хат мәтінінде: «Геннадий Васильевич желтоқсан оқиғалары екі ел арасында жік қалдырды. Қазақтар сізге жек көрінішпен қарайды. Егер сіз Наурыз мейрамын жандандыруға көмектесетін болсаңыз, онда барлық қазақтар сізге басқа көзқараспен қарайтын болады» делінген. Сонда Колбин Горбачевты көндіруге уәде берді. Сөйтіп, сол жылдан бастап Қазақстан Наурыз мейрамын қайта тойлай бастады.

8. 2010 жылғы 19 ақпандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-сессиясында «Әлем мәдениеті» бағдарламасының 49-тармағына сәйкес «Халықаралық Наурыз мерекесі» деп аталатын қарар қабылданды. Сөйтіп, мереке БҰҰ-мен мойындалды.

9. Наурыз - Қазақстанда, Қырғызстанда, Өзбекстанда, Түрікменстанда, Түркияда, Тәжікстанда, Иранда, Әзербайжанда, Албанияда, Ауғанстанда, Ирактың Күрдістанында, Үндістан және Македонияда мемлекеттік мереке болып табылады. Оны Татарстан, Башқұртстан, Қытай және тіпті Жапонияда да «жергілікті деңгейде» атап өтеді. Ал 2010 жылдан бастап Наурыз Грузияда ұлттық мереке болып жарияланды.

10. Парсы тілінде Наурыз «жаңа күн» деп аударылады. Түркі халықтары, заманауи қазақтардың ата-бабалары Наурыз мейрамында ақ киімдерін киіп, шаштарын қырып, алып тастайтын. Бұл күні тұрғындар бұлақ, бастау, су қоймасы мен құдықтардың бетін ашып, тазартады. Сондай-ақ, мейрамда үйде міндетті түрде қымыз, шұбат, сүзбе секілді дәм татанын сүт тағамдары, яғни ақ болу керек. Егер сүт болмаса, ыдыс-аяқты бұлақ суымен толтырып қоятын болған. Олар осы күні Жаңа жылдық дастарханның сәнін келтіретін міндетті тағам – Наурыз көже дайындайды.

11. Қасиетті жетілік. Наурыз мейрамының басты тағамы – Наурыз көже. Ол 7 ингредиенттен дайындалады: су, сүрленген немесе кептірілген ет, тұз, май немесе жануар май, жарма, айран. Ал Наурыз көже ішкен адамдарға сәттілік күлімдеп, денсаулығы жақсарып, отбасы қуаныш пен молшылыққа кенеледі делінеді.

12. Мереке қарсаңында 22 наурыздың түні қазақтар қиял-ғажайып аңыздардағы бейне – Қызыр атаны күтеді. Наурыз қарсаңы Қызыр түні немесе «бата түні» деп аталады. Қазақтар бұл түні Қызыр атаны күтіп, ұйықтамауға тырысатын. Ал тұрмысқа шықпаған қыздар өздері ұнататын жігіттерге арнап, соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, «ұйқыашар» деп аталатын ерекше тағам әзірлейді. Жігіттер мен бозбалалар болса, қыздардың қонақасының қарымтасына айна, тарақ, иіс судан тұратын «селт еткізер», «дір еткізер» сыйлықтарын ұсынады. Бойжеткендер терезені сәл ашып, үстелге ұн салынған ыдыс қойған. Егер үй таза және үй иелерінің жүрегі мейірімге толы болса, Қызыр Ата бақ қонған үйге батасын береді деп есептеледі.

13. Наурыз түрлі елдердің ұлттық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі өтеді. Бірақ, олардың бәріне ортақ бір ерекшелік бар. Бұл жеті элементтен, негізінен өсімдік өнімдерінен тұратын арнайы тағамды дайындау рәсімі. Алайда, бұл өнімдер өзгеше болуы керек. Сондай-ақ, бұл тағамның атауында да айырмашылық бар. Егер өзбектер бұл тағамды «сүмалақ» деп атаса, қазақтар - «Наурыз көже» дейді.

14. Батыс Қазақстан тұрғындары Наурызды 14 наурыздан, «көрісу» салтымен бастап атап өтеді. Бұның себебі, Ұлы дала көшпелі әлемнің даму үрдістерінен ұзақ уақыт оқшауланғандықтан және Маңғыстау көшпелілерінің Оңтүстік егіншілік рухани мәдениеті елеулі өзгерістерге ұшырамағаннан. Сондықтан, бүгінгі күнге дейін тек осы өңір тұрғындарының ғана өркениеттің бастауына бар тамырымен кіріп кеткен наным-сенімдерді сақтап қалғандары байқалады. Осы себептен, жергілікті адай қазақтар Наурыз мейрамын 14 наурыздан бастап атап өту керек деген ерекше дәстүрді сақтап отыр.

15. Наурыз мейрамы мүмкіндігінше көңілді және жарқын атап өтіледі. Ежелде мейрам 13 күнге жалғасқан. Сонда адамдар ауыл-ауылды аралап, наурыз көжеден дәм татып, «Наурыз» әнін айтып, бір-бірін жаңа жылмен құттықтап, жақсылақтар тілейтін. Бұрынғыда бұл күні туыстар мен достарға барып, жаңалықтармен бөлісу және жаңа бірлескен жұмыс бастау дәстүр болған. Дәстүрге айналу себебі, қысқы кезеңде елді мекендер арасында хабар таратып, арада байланыс ұстау қиын болғаннан болып отыр. Мерекеде халық түрлі ойын-сауық ойындарын ұйымдастырып, ат жарыстырып, алтыбақан тепкен.

16. Бүркеншік ат. Наурызда туылған балалар жоғары күш, жұлдыздардың орналасуымен белгіленетін болады деп есептеледі. Сондықтан, есім беру кезінде оларға мерекеге байланысты ат қойылған. Осындай ұқсас атпен аталған көптеген батырларымыз бар екені белгілі. Солардың бірі Наурызбай Құтпанбайұлы (1706-1781), Наурызбай Қасымұлы (1822-1847). Алтын Орданы да Наурыз хан билеген. Сондай-ақ, ел арасында Наурызгүл, Наурызбек, Наурызәлі және басқа да есімдер көп таралған.

17. Ескі наным. Халық арасында адамдар наурыздың 13 күнінде жасаған іс-әрекеттерін жыл бойына жасайды деген сенім бар. Сондықтан, бұл күндері ешкіммен кеңеспей, бір-бірінің қарызын кешіру, барлығымен бейбіт қатынас жасау әдеті қалыптасқан. Халықтың наным-сеніміне сүйенсек, бұл мерекеде көп нәрсе үйге келген бірінші адамға байланысты. Жаңа жылдың бірінші қонағы мейірімді, жайлы мінезді, беделді, әзіл-қалжың түсінетін адам, ең бастысы қадамы сәтті, үйге сәттілік әкелетін жан болуы керек.

18. Барлығына ортақ мейрам. Бұл ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы күні. Қазақ халқы бұл мерекеге Ұлыстың ұлы күні деген екінші атау берген. Наурыз мерекесі заманауи өмірге үйлесімді түрде өзгертіліп келіп, қоғамда достық пен келісімнің нығаюында үлкен рөл атқара бастады. Заманауи Наурыз - «уақытты байланыстыру», Қазақстанның тарихы мен қазіргі заманындағы маңызды байланысы болып табылады.

19. Наурыз мейрамында халықтық ойындар мен сауықтық кештер ұйымдастырылады. Бұл күні ұлттық-ойындар мен көңілді кештер өтеді. Мысалы, қыз қуу, алтыбақан құру, ұлттық билер, көкпар, бәйге және т.б.

20. Сондай-ақ Наурыз қарсаңында қарыз қайтару, арадағы реніште кешіру және барлық қиындықтарды ескі жылы қалдыру керек деп есептеледі. Жаңа жылды жаңашылдықпен бастау үшін мереке алдында үйді тазалап, қажетсіз заттардан құтылып, қоқыстардан тазарту керек.

21. Наурыз батасы. Осы күнгі дәстүрге сай ақсақалдар халыққа жақсы тілек айтып, бата береді. Бұл жақсы тілек: «Халық гүлдене берсін! Ақ мол болсын! Бұл күн молшылық әкелсін! Бүкіл жамандық пен барлық қара іс жер бетінен жойылсын! Ата-бабамыздың рухы бізге әрдайым қолдау көрсетсін!» деген сөздермен аяқталады.

22. Егер Наурыз мейрамында қар жауса, бұл жақсылықтың белгісі. Ерте заманнан бері қыздардың сұлулығын Наурыз мейрамында жауған қармен салыстырған. Ақ, таза, жұмсақ, үлпілдек қар сұлу ханымдардың асқан сұлулығын бейнелейді.

23. Ежелгі заманда Наурызды барлық тұрғындар таңды қарсы алуға шығумен бастаған. Сонымен бірге, халық арасында көжені қарын тойғанша ішсе, келесі жыл жемісті болады деген сенім бар. Егер көжені жеті үйден татса, онда жыл сәттілік әкеледі.

24. Түркияда көктемгі күннің теңелуіне дейін екі-үш апта бұрын бидай егу дәстүрге айналған. Жап-жасыл сабақты тәттілермен, жағылған шырақтармен және боялған жұмыртқалармен бірге подносқа салып, дастарханға қояды.

25. Әзірбайжанда мерекелік дастарханға жеті тағамнан тұратын ас қойылады және олардың атауы «С» әрпінен басталуы керек. Сондай-ақ, Әзербайжанда және Иранда Наурыз мейрамында жұмыртқа бояйтын ежелгі дәстүр бар.





# Құрқұлтай



Өз ұясының орнында жоқ екенін көрген шөкімдей құс байыз таппай шыр-шыр етіп, талдың ана басына бір, мына басына бір қонды. Балапандары шиқылдап тал түбінен аяқ аттам жерде жатыр еді. Бәрі тірі. Тек біреуі ғана жаралы. Жүні шығып үлгермеген қызылшақа балапандар топырлап жерге құлағанда қанаты қайырылып қалған екен. Әлжуаз тіршілік иесі шиқ-шиқ етеді. Бәлкім анасын шақырады. Бәлкім жылы ұясын іздейді. Сезімтал аналық айналшақтап жүріп жерге әрең қонды. Сірә, қауіпті нәрсе жоқ па деп сезіктенсе керек. Пыр етіп қонған ол әр балапанын бір шоқып, аман-есендігіне көзі жеткендей қайта ұшып кетті.

Бұл жердің қауіпті екенін ұққан ол жерде жатқан ашқұрсақ балапандарының алдына бір уыс жемтік тастады да, жайлы орын іздеу қамына кірісіп кетті. Жапырағы төгілген алып үйеңкінің иіле біткен бұтағына шөп қиқымдары араласқан жүн-жұрқаны екі жерден бекітіп, сілекейлеп ұя тоқи бастады.

Қызылшақа балапандар ауыздарын кере ашып таласа-тармаса жеп жатыр. Ауыздарын арандай ашып үздігіп, шиқылдаған балапандар тынышталғандай болды. Енді қанаттары қатаймаған балапандарды жылы ұяға бір-бірлеп тасу керек.

Бұл құстар адамзат баласы үшін бір тиын құны жоқ, уайым-қайғысы, арман-мақсаты жоқ, бейқам тіршілік кешетіндей көрінеді. Солай бола тұра осы бір кішкентай ғана тіршілік иелерінің өзі тіршілік сыйлаған екінші бір тіршілікке қамқорлық танытуы - жазылмаған табиғат заңдылығы ма дерсің.

**Әйгерім ИЕБЕКОВА.**

# Қысқа әңгіме

## *Кішкентай*

Болмайды! Болмаайдыыы!..

Кішкентайдың жан дауысы шықты. Шыр-шыр етіп, әкесін де, өзге ересектерді де, тіпті молданы да маңайлатар емес.

– Өзім қарап отырмын ғой! Ол да мені, күнде өстіп...өсті-іип қарап отыратын.

Шешесі жатқан ескі кереуетті әлжуаз қолдарымен мәпелей сипады. Тот басқан серіппелі сымдарынан ұстап ұзақ тербетті.

Күндегі әдетінше, қасына жантайып омырауына мұрнын тықпақ болған, бүйірін бірдеңе қарып түсті. Төсектің қыры мұп-мұздай екен. Анасының омырауы да. Көздері боталап, екі тізесін құшақтап еденге отыра кеткен.

Ол оянғанда темір кереует әлдеқашан бос қалған еді. Тот басқан серіппелі сымдары ғана әр-әр жерінен салбырап, тербетіліп тұрған.

Кішкентайдың ендігі өмірі көз алдында, ескі темір кереуеттің серіппелі сымдарымен қоса, бырт-бырт үзіліп жатты.

**Талғат ЕШЕНҰЛЫ.**

## *Көңіл*

Ойын алаңына арсаландап жетті. Балалар үрпиісіп тұрды да тым-тырақай тарап кетті. Шешесі қоларбадан түсіріп босаған әткеншекке мінгізгелі жатыр. Ал ол балаларға қарай берді.

**Есболат АЙДАБОСЫН.**

Жиырма жыл бұрын перезентханада жоғалтып алған баласы тап қазір кіріп келердей жүрегі атқақтай берген әйел, тал түсте үйге түскен ұрының қолынан қаза тапты.

**Нұрлан ҚАБДАЙ.**

## *Ай сырға*

Бірде Назерке «апаңның қолы жеңіл екен, тез жазылып кетті» - деп қолымен құлағын көрсете жымиды. Алтын сырғасы күн нұрына шағысылып, оның әсем жүзін одан сайын нұрландырып жібергендей. Аңыра қарап қалыппын. Мен сыйлаған ай сырға бұл емес еді.

* * *

Көкем ауылға ат басын салуды сиреткен. Құр келіп құр кеткеннен не пайда? Онсыз да елеңдеп жүрген анасының көңіліне қаяу салғысы келмейді.

**Әйгерім ИЕБЕКОВА.**

Жаңбыр таңға себеледі. Түсте шие тердік. Кешкісін тырналар қайтты. Түнде тауға қар түсті.

* * *

Асиро көліндегі соңғы балық қармаққа ілінді. Ертең оның уылдырық шашатын күні еді.

**Темірлан ҚЫЛЫШБЕК.**

# БҮГІНГІ ҚОҒАМНЫҢ ДЕРТІ

Тұрмыстық зорлық-зомбылық соңғы уақытта ушығып тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Себебі, ұлттық заңнамада әлі күнге дейін тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмыстық құқық бұзушылық болып саналмайды.

Бізде көбіне құқық қорғау органдары тұрмыстық дау-дамайға аса назар аудармай «отбасылық мәселе» деп қарайды. Мұның салдарынан қаншама нәзік жандылар өз отбасында жапа шегіп жатады.

Адам баласы үшін отбасы – қорған және жайлылық мекені. Ал сонда, өз отбасынан жәбір көретін әйелдер не істемек?

Қарап отырсақ, тек біздің мемлекетте емес, әлемнің басқа елдерінде де әйелдер қауымы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырайды.

Біздің елімізде де қоғам қағидаларының және «ұят болады» деген қазақы - менталитеттің кесірінен үнсіз, бармақ тістеп жүргендер қаншама.

Отбасында қанша зәбір көріп жатса да «жақынының үстінен арыз жазыпты» дегенді естісе, ел не дейді?

Басқалардың күле қарауы, агрессорға қаржылай тәуелділік және көмекті қайдан іздеу керектігін білмеу, полиция мен сот жүйесіне сенімсіздік - мұның бәрі жәбірленушінің тиісті заң орындарына хабарламауға, ешкімге тіс жармауға алып келеді.

Өкінішке қарай, статистика бойынша, соңғы 4,5 жылда отбасылық зорлық-зомбылықтан 869 адам көз жұмған. Денсаулыққа ауыр зиян келтірудің 2086 фактісі тіркелген. Қарап отырсақ, зорлық-зомбылық көрсететіндердің саны азаюдың орнына, жылдан-жылға өсіп келе жатыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа жолдауында «жыныстық зорлық-зомбылық және әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жазаны шұғыл түрде қатайту қажет» екендігін айтты.

Ең алдымен, басшымыздың сөздері биліктің нақты іс-әрекеттерінде көрініс табады деп үміттену керек. Бұл нәрсенің алдын алу үшін әйел адамдар қорықпай, жасырмай құқық қорғау органдарына жүгінулері керек. Зорлық-зомбылыққа қарсы заңды қатаңдату - қазақстандық әйелдер өз отбасында өздерін қауіпсіз сезіне алудың кепілі.

**Назерке КӘКІМОВА,**
**студент.**



# ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІ НЕСІМЕН ҚАУІПТІ?

Электронды темекі – ішінде сұйықтығы, арнайы ауыстыратын картриджі бар, өкпеге тыныс алу жолдары арқылы никотин жеткізетін темекінің жаңа түрі. Электронды темекінің қаншалықты зиян екені мәлім болса да, көптеген жастар оны қолдануды тоқтатар емес. Электронды темекінің түтінін будақтатуды кейбір жастар есеюдің көрінісі десе, енді бірі бүгінгі таңның сәні деп түсінеді. Көпшілік электронды темекінің кәдімгі темекіге қарағанда зиянын аздау деп ойлайды. Бұл әсер көміртегі тотығы токсиндерінің, шайырдың және басқа да қосымша қоспалардың болмауына байланысты. Сонымен қатар электронды темекі түтінінің кәдімгі темекі түтініне қарағанда салыстырмалы түрде зияны азырақ деседі.

Бірақ, электронды темекі құрамында 30-дан астам улы зат бар. Олар: никотин, көмір қышқыл газы, көміртек тотығы, көгеретін қышқыл, аммиак, шайырлы заттар, органикалық қышқылдар және т.б.

Негізгі міндетті компоненттері-глицерин және полипропилен химиялық қоспасы.

Электронды темекінің денсаулыққа қауіпі жайында нақты дәлелдер келтірейік.

1. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) мәліметтері бойынша, темекі шегу салдарынан әлемде 8 млн адам қаза табады, соның ішінде 7 млн-ы темекі шегетін немесе бұрын тастап кеткендер. Ал темекі түтініне былыққандар саны-1,2 млн.

2. Кейбірі электронды темекіні жай темекіден арылу мақсатында қолданады. Дегенмен мамандардың пікірінше, бұл жалған ақпарат. Себебі Лондондағы шылымның денсаулыққа әсерін зерттейтін орталықтың маманы Амонда Сэрфордтың айтуынша, электронды темекі құрамында никотин бар. Ал никотин адамды шылымға үйір қылады.

3. Шылым түтіні өкпеге тартқанда денсаулық одан көбірек зиян шегеді. Электронды темекі адам өкпесін ірітіп жібереді. Бұған дәлел ретінде, Қырым федералды университетінің ғалымдары электронды темекіден немесе вейптардан шығатын бу өкпе тінін бұзатынын айтады. Тіпті никотин қосылмаған құрылғының өзі де адам ағзасына аса зиян. Егеуқұйрыққа жүргізілген эксперимент нәтижесінде сұйықтығы құйылған жануардың өкпесі 40 күннен кейін іри бастаған. Бұл дәлел шылым шегушілер арасында кең тараған «электронды темекінің зияны аз» деген пікірді жоққа шығарады.

Мамандардың айтуынша, Қазақстанда соңғы ГАТС зерттеуі 2019 жылы жүргізілген. Соның нәтижесі бойынша 2014 жылы салыстырғанда темекіні қолдану халық арасында 1-ақ пайызға төмендеген. Ер азаматтар арасында темекі қолдану азайғанымен, керісінше әйелдер және жасөспірімдер арасында көбейген.

Елімізде қараша айының үшінші бейсенбісі – халықаралық шылым шегуден бас тарту күні болып белгіленген. Бұл күн темекіге тәуелділікті азайтуды мақсат етсе де, жаһан жұрты «никотиннен» арыла алмай келеді. Оның үстіне қазір электронды темекі сәнге айналды.

Электронды темекінің қаншалықты зиян екені жайында ақпараттар ұшан-теңіз. Алайда, мұны ескеріп жатқан ешкім жоқ. Қазір қоғамдық орындарда электронды темекі түтінін будақтатып отыратындар көбейді.

Әсіресе, қыз-келіншектердің электронды темекіге деген әуестігі жоғары ұлт тәрбиелейтін болашақ аналардың мұндай әркетіне қандай баға береміз? Шылым шегетін анадан ертеңгі күні дені сау нәресте өмірге келе ме?

Замандастарыма айтарым, бірінші байлық – денсаулық. Оны сау кезінде бағалайық. Он екі мүшеміз аман-есен, күш-қайратымыз, ерік жігеріміз тасып тұрған шақта оны пайдалы істерге жұмсайық.

Электронды вейптар – өз-өзімізді алдау. Кез-келген темекі шығарушы компаниялардың негізгі мақсаты – қандай жолмен болмасын тұтынушылар қатарын көбейту. Табак өндірушілердің жалған жарнамасына еліктемей, өзіміздің, келешек ұрпағымыздың саулығын ойлайық. Денсаулық – тек жеке бастың ғана емес, ұлтымыздың ұлы игілігі. Осыны ескере отырып, салауатты өмір салтын ұстануға ұмтылайық! Зиянды әдеттерден барынша аулақ болып, ұлттық тәрбиемізді нығайтып, жандандырайық!

**Арайлым АБЫЛҒАЗЫ,**
**студент.**

# ЗАЖИГАЯ ИДЕИ:

## прогрессивные молодые таланты

*ПРОЕКТЫ, КОТОРЫЕ НЕ ТОЛЬКО ПРИВЛЕКАЮТ ВНИМАНИЕ, НО И ОТРАЖАЮТ ДУХ ИННОВАЦИЙ.*

**«ZHETYSU – STARTUP» – конкурс, организованный Жетысуским университетом, чтобы выявить молодых специалистов с креативным мышлением и помочь им реализовать свой потенциал. Суть его заключается в том, чтобы учащиеся могли создать нечто инновационное, необязательно коммерчески успешное, главное - приносящее пользу. Призовые места распределяет жюри, и участники получают вознаграждение. Тройке победителей предоставляют доступ ко всему необходимому, чтобы привести проект в ту форму, в которой он должен быть. «Startup Академия» помогает искать подходящих спонсоров, а также с помощью наставников, студенты усовершенствуют softskills.**

**Желающих представить свои проекты в этом году было около 100 студентов в возрасте до 35 лет, но отобрали только 44 работы.**

**Студентка 4 курса факультета журналистики Анастасия КРЯТ рассказывает читателям газеты «Jetisy yniversiteti» о самых интересных, на ее взгляд, стартапах.**

### «LAO»

**Авторы:** Диас Ишмуканбетов
**Научный руководитель:**
Айжан Айдыновна Мусекенова




Сайт онлайн-юридической консультации. Предполагается, что он будет функционировать 24/7, предоставлять анонимность пользователям. Целевая аудитория проекта – жители сел, окраин и провинций, студенты, иностранные граждане и лица без гражданства, которые находятся на территории Республики Казахстан

Этот проект не просто предоставляет доступ к юридическим консультациям онлайн, но и стремится стать объединяющим центром для всех юристов и адвокатов страны.

В будущем планируется внедрение онлайн-помощника на базе искусственного интеллекта, предназначенного для ответов на простые юридические вопросы.




### «SHYRAQ»

**Авторы:** Әнел Тұстүкбай
Акнур Кассенова
Кәусар Сағдолла
Әбілмансұр Бақтығайм
Іліяс Қайратұлы
**Научный руководитель:**
Ерік Бағдаулетұлы Бейсенбеков

В Казахстане, где многие женщины ежедневно сталкиваются с насилием, проект «SHYRAQ» поможет вернуть надежду, обещая лучшее будущее и новое начало. Название проекта, переведенное с казахского языка как "свеча", символизирует свет, который приносит утешение и наполняет дни новыми перспективами.

Цель проекта «SHYRAQ» заключается в предоставлении женщинам, оказавшимся в тяжелых ситуациях, возможности восстановить свою жизнь через труд. Будущие участницы, пережившие домашнее насилие, изнасилование, раннюю беременность или столкнувшиеся с отвержением со стороны родственников и сложностями реинтеграции после тюремного заключения, находят в «SHYRAQ» источник поддержки и новых возможностей.

Одним из ключевых аспектов проекта является использование традиционных казахских ремесел, в частности, техники создания изделий "көрпе". Эти изделия, выполняемые из переработанных материалов таких как пластик или пенопласт, становятся не только символом культуры, но и свидетельством участия в борьбе с проблемой экологии.

Одна из создательниц поделилась с журналисткой, что не понаслышке знает о домашнем насилии. Эта история силы и выносливости добавляет проекту глубину и понимание, делая его еще более значимым. Участницы проекта «SHYRAQ» будут не только находить работу, создавая красивые изделия, но и приобретут безопасное окружение, которое поможет сделать их экономически независимыми.

Проект «SHYRAQ» не заканчивается на создании рабочих мест. В будущем предусмотрены групповые сеансы психологической поддержки, направленные на восстановление душевного здоровья участниц. Также планируется сотрудничество с фондами, имеющими схожие цели.

«SHYRAQ» – это не просто благотворительная инициатива, это свет в темноте, который приносит изменения в жизни женщин и внесение позитивных изменений в общество. С каждым созданным изделием "көрпе" проект становится светочем надежды, помогая женщинам возрождаться и строить новую, устойчивую жизнь.

### «Pro Research Lab»




**Авторы:** Милена Ледомская
Әлихан Тәңірберген
**Научный руководитель:**
Асылжан Омаровна Есимбекова

Мобильное приложение с технологией искусственного интеллекта, не имеющее аналогов в Казахстане, которое упростит процесс написания научных статей, проектов, исследований. А также, исходя из запроса, предоставит пользователям все необходимые материалы. С его помощью можно значительно сократить время, затрачиваемое на поиск информации в бездонной всемирной паутине.

«Все будет удобно разделено по вкладкам: статьи, научные проекты, исследования, участие в научных мероприятиях и лайфхаки для науки. Пользователь выбирает интересующую для себя тему и с легкостью получает всю необходимую информацию» — сообщает нам автор проекта Ледомская Милена.

Учитывая, какие сложности испытывают студенты при написании разного вида академических работ, «Pro Research Lab» станет спасением.

### «CoffeeTalk»

**Авторы:** Маржан Мулкибаева
**Научный руководитель:**
Динара Маратовна Жабыкбаева




Многообещающий проект, который поможет талдыкорганцам с разным уровнем английского добиться нужного результата в произношении и понимании различных терминов. Это не просто английская разговорная кофейня в привычной манере, а усовершенствованная версия. На данный момент, в «CoffeeTalk» проводятся дебаты на различные темы, но в будущем планируются проводить тематические мероприятия, караоке и постепенно готовиться к онлайн-формату.

Главное правило «CoffeeTalk» – дружественная атмосфера. Все относятся друг к другу с уважением: нет желания перебить или сказать грубость, даже несмотря на формат. Также не остается места и стеснению. Каждый равен и не старается показаться лучше остальных. Те студенты, чей уровень английского выше, помогают тем, у кого ниже.

Автор решительно настроена в будущем преобразовать меню и подобрать персонал, который может принимать заказы на английском языке. Верится в ее энтузиазм и постановку целей. То, что многим могло показаться невозможным для маленького города, теперь становится реальностью.

### «Gallus»

**Авторы:** Асқар Рахым
Рана Қабылай
Нұрсауле Кенесбай
Жақсылық Жидебай
Данияр Әділбекұлы
**Научный руководитель:**
Ерік Бақдаулетұлы Бейсенбеков




Проект, получивший гран-при конкурса. Направлен на выведение новой породы черной курицы Kazaukana, обладающей улучшенными характеристиками: сильным иммунитетом и высокой производительностью. Представитель будущей породы имеет чёрное мясо, обладающее лечебными свойствами, а также яйценоскость около 350 яиц в год, с разноцветной окраской скорлупы. Данный проект способен увеличить производство яиц и поддерживать биоразнообразие в птицеводстве.

На сегодняшний день человечество использует более 1500 пород, однако нет ни одной адаптированной к условиям Казахстана, что также влияет на производительность отечественных крестьянских хозяйств, ферм и фабрик.

На достижение таких результатов, авторы использовали 5 пород курицы и на скрещивания потратили больше 6 лет. На данный момент выведен только гибрид. Для того, чтобы получить полноценную породу, авторы будут работать еще 2-3 года.

«ZHETYSU - STARTUP» дал возможность всем этим студентам проявить себя и показать, какие талантливые люди учатся в нашем университете.

К слову, данный конкурс проводится с 2016 года, и за это время в нем участвовали более 1000 проектов.

**Анастасия КРЯТ,**
**студентка ЖР-411.**

**В глубинах каждого учебного заведения таится могущественное ядро, которое касается всех его студентов. В ЖУ им. И. Жансугурова сердцем университета является центр обслуживания обучающихся, который не только осуществляет передачу данных, но и является двигателем цифрового развития. Иногда о его важности не задумываешься, пока не столкнешься с определенными трудностями, которые, как оказалось, решить в ЦОО могут «в один клик».**

**Отдел ЦОО – это мощный мотор, который создан, чтобы облегчить получение государственных и университетских услуг. На сегодняшний день ЖУ создаёт все условия для студентов и их родителей, чтобы они смогли получить все необходимое удалённо и моментально.**



# СЕРДЦЕ УНИВЕРСИТЕТА - ОТДЕЛ ЦОО

**Информационная система «Smart Zhetysu» автоматизирует планирование и контроль учебного процесса, помогая экономить время. Многофункциональный контент позволяет решать множество задач: образовательные, организационные и контрольные.**

**Центр обслуживания обучающихся реализует свою работу в рамках программы «Цифровой Казахстан». Он призван упростить жизнь пользователей, убрав бюрократию и коррупционные риски, повысив оперативность и эффективность в решении их проблем.**

**Подробности о работе Центра обслуживания обучающихся узнала студентка 2 курса факультета журналистики Хава Ханчукаева, побеседовав с его директором Светланой Ивановной Мурыгиной.**

***- Когда начал функционировать центр обслуживания обучающихся и какова его основная цель?***

- Центр был создан в 2017 году. Его миссией является обеспечение своевременного и качественного предоставления услуг обучающимся университета по методу одного окна.

Сегодня наша работа ориентирована на поддержку государственной программы "Цифровой Казахстан". Основная цель - предоставить студентам университета все необходимые услуги быстро и качественно. Мы стремимся быть максимально клиентоориентированными и обеспечить каждому пользователю комфортное получение услуг без лишних хлопот. Для этого мы разработали проект "Услуга в один клик" который позволяет рассматривать обращения в режиме реального времени - экономно и удобно.

***- Какие услуги предоставляет ЦОО?***

- Мы предоставляем более 13 видов услуг. Самыми востребованными из них являются:

• **Прием и регистрация заявлений обучающихся.** С 2022 года подача заявлений осуществляется в электронном формате через ИС «Smart Zhetysu» на отчисление, получение места в общежитии, перевод с ОП на ОП, участие в конкурсе вакантных образовательных грантов и другие услуги.

• **Получение справок:** Осуществляется онлайн через личный кабинет без предварительного запроса на изготовление. Они включают информацию о месте учебы, сумме оплаты за обучение, а также справки для получения пособий и в военкомат.

• **Получение копии документа о предыдущем образовании.** Доступно в онлайн режиме через личный кабинет.

• **Получение направления для проживания в общежитии.** Обучающиеся подают заявки онлайн через систему «Smart Zhetysu». После рассмотрения документов комиссией и принятия решения оформляется направление на предоставление места в общежитии, которое доступно в личном кабинете.

***- Вы помните, как вводились все новшества?***

- Переход на цифровой формат было велением времени, поэтому мы приложили все усилия, чтобы отказаться от старого способа предоставления услуг и перейти к совершенно новому. Для этого сотрудниками центра была проведена большая работа по переводу всех личных дел студентов в электронный формат и занесению в информационную систему вуза «Smart Zhetysu». Благодаря грамотному техническому сопровождению со стороны отдела цифровизации и автоматизации в лице Даулета Сеитовича Батырбекова, мы за короткий срок смогли это сделать. Хочу поблагодарить своих сотрудников за их труд, профессионализм и ответственное отношение к работе.



***- Расскажите, пожалуйста, подробнее о сервисе «One-click».***

- Сервис "One-click" упростил процессы для студентов университета, позволяя им получать справки, подавать заявления и направления для общежитий онлайн. Им не нужно лично приходить в отдел, заполнять бумажные заявления и ждать несколько дней. Теперь они могут получить необходимые документы через свой личный кабинет в любой момент в режиме 24/7. Это значительно сократило время ожидания и избавило от необходимости стоять в очередях.

***- Как цифровизация в целом влияет на упрощение процессов?***

- Цифровизация делает нашу жизнь ярче и проще! Она внедряет современные технологии в разные сферы жизни и работы. Представьте, что у нас есть волшебная палочка, которая превращает многие рутинные дела в мгновенное волшебство. Но, конечно, есть и небольшая опасность. С появлением роботов и компьютеров может снизиться важность людей в некоторых сферах. Цифровизация создает уютную и понятную среду для нас. Она делает нашу жизнь легче, позволяя нам получать доступ к услугам и товарам быстрее и проще. Не нужно тратить время на долгие ожидания или заполнение бумажек. Все это можно сделать просто через приложение или веб-сайт.

***- Какова значимость живого общения в эпоху цифровизации?***

- В эпоху цифровизации, когда технологии окружают нас повсюду, важно помнить о силе настоящего живого общения. Хотя цифровые устройства и Интернет становятся неотъемлемой частью нашей жизни, они иногда могут отдалить нас друг от друга. Мы все связаны с новыми технологиями, они делают нашу жизнь удобнее, но иногда заставляют нас забыть о важности реальных разговоров лицом к лицу. Давайте не забывать, что ничто не заменит теплоту реального общения, истинные эмоции и моменты, которые всегда остаются важной частью нашей жизни.

***- Как будут развиваться, по Вашему мнению, электронные услуги для студентов в ближайшем будущем?***

- В ближайшем будущем электронные услуги для студентов станут ещё более удобными и доступными. Представьте себе мир, где ты можешь получить все необходимые документы и информацию о своем образовании всего лишь в пару кликов! Президент Казахстана говорит о том, что наша страна должна быть в числе лидеров по использованию технологий. Мы уже видим, как наша IT-отрасль растет и развивается, а цифровые сервисы становятся неотъемлемой частью нашей жизни.

***- Что Вы хотели бы пожелать читателям «Jetisy yniversiteti» в праздник Наурыз?***

Хочу поздравить коллектив Жетысуского университета, с этим прекрасным, теплым и солнечным весенним праздником Наурыз! Пусть торжество весны и возрождения принесет только положительные эмоции. Желаю здоровья, счастья и благополучия!

Весенний Новый год — радостное событие для казахстанцев. Пусть всеобщая радость греет каждую душу. Пусть Наурыз подарит множество радостных моментов, позитивных эмоций и процветание! А в нашей стране царят спокойствие, любовь и забота друг о друге, теплая дружеская атмосфера.

**Хава ХАНЧУКАЕВА,**
**студентка ЖК-211.**




## Взгляд изнутри

*Мое личное впечатление об отделе ЦОО нашего университета крайне положительное. Когда у меня возникла нестандартная проблема, отдел ЦОО проявил высокий профессионализм и быстро нашел оптимальное решение, учитывая мои индивидуальные обстоятельства, проявив оперативность и внимательность к деталям, предоставив наилучшее решение для моей ситуации.*

*Это лишь один пример из множества, которые подчеркивают их ценность для студенческого сообщества. Ведь вся работа основана на понимании потребностей студентов и эффективном взаимодействии с ними.*

*Я считаю, что без ЦОО наша студенческая жизнь была бы намного сложнее, и я благодарна за их деятельность и поддержку на нашем университетском пути.*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

Медиаорталық басшысы
Баян Шаянбаева

**Бас редактор:** А. Иебекова
**Тілші:** С. Әшірбекова
**Корректор:** А. Ахметова
**Дизайнер:** Н. Елшібеков
**Фотограф:** Б. Таубалды

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті медиаорталықта теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.
- Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**
Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.
**Байланыс телефоны: 12-00**

**Индекс 64568**
**Тапсырыс №269**
**Таралым 2000 дана**